

2005 жылғы астықты мемлекеттік сатып алу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 7 ақпандағы N 116 Қаулысы

Республиканың азық-түліктік қауіпсіздігін, жұмылдыру мұқтажыдығын қамтамасыз ету, стратегиялық маңызы бар астық рыногын жедел реттеу мақсатында және "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңының 21-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2005 жылғы егіннің азық-түліктік жұмсақ бидай астығын мемлекеттік астық ресурстарына мемлекеттік сатып алу көлемі республикалық бюджет қаражаты есебінен 6208382000 (алты миллиард екі жүз сегіз миллион үш жүз сексен екі мың) теңге сомасына 549999 (бес жүз қырық тоғыз мың тоғыз жүз тоқсан тоғыз) тоннаға дейінгі көлемде белгіленсін, бұл ретте:

1) 2005 жылғы 25 шілдеге дейінгі мерзімде көктемгі-жазғы қаржыландыру арқылы: есепке алынған табиғи салмағының бір тоннасы үшін қосылған құн салығын қоса алғанда және қосылған құн салығын төлеушілер болып табылмайтын бірыңғай жер салығын төлеушілер үшін қосылған құн салығын есептемей, франко-элеватор шартымен 11288 (он бір мың екі жүз сексен сегіз) теңге баға бойынша 4094680000 (төрт миллиард тоқсан төрт миллион алты жүз сексен мың) теңге сомасына 362747 (үш жүз алпыс екі мың жеті жүз қырық жеті) тоннаға дейінгі көлемде азық-түліктік жұмсақ бидай астығы;

2) күзде тікелей сатып алу арқылы: есепке алынған табиғи салмағының бір тоннасы үшін қосылған құн салығын қоса алғанда және қосылған құн салығын төлеушілер болып табылмайтын бірыңғай жер салығын төлеушілер үшін қосылған құн салығын есептемей, франко элеватор шартымен 11288 (он бір мың екі жүз сексен сегіз) теңге баға бойынша 2113702000 (екі миллиард бір жүз он үш миллион жеті жүз екі мың) теңге сомасына 187252 (бір жүз сексен жеті мың екі жүз елу екі) тоннаға дейінгі көлемде азық-түліктік жұмсақ бидай астығы.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.07.11. N 719 қаулысымен.

2. "Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы" акционерлік қоғамына кредит ресурстарын тарту есебінен 2000000 (екі миллион) тоннаға дейінгі көлемде бидай және басқа да ауыл шаруашылығы дақылдары астығын мемлекеттік сатып алуды қосымша жүзеге асыру ұсынылсын.

3. "Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы" акционерлік қоғамы 2005 жылы оларды сатып алудың Қазақстан Республикасының азық-түліктік қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін маңызды стратегиялық мәні бар мемлекеттік ресурстарға астықты мемлекеттік сатып алу жөніндегі қызметтер, мемлекеттік астық ресурстарын сақтау және тасымалдау жөніндегі қызметтер көрсетуші болып белгіленсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі С.Ә. Үмбетовке жүктелсін.

5. Осы қаулы 2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді және жариялануға тиіс.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК